В связи с объявлением чрезвычайной ситуации природного характера (паводки) в Атырауской области (решение акима Атырауской области №3 от 07.04.2024г.), а также на основании пп.66, 71 и 75, ст.1, разд.1, гл. 1 Закона РК от 11 апреля 2014 года № 188-V «О гражданской защите», п.п.4, п.3, ст.39 Закона РК от 4 декабря 2015 года № 434-V ЗРК «О государственных закупках» закупить ниже перечисленные товары, работы и услуги для деятельности по всестороннему обеспечению аварийно-спасательных работ, созданию условий, необходимых для сохранения жизни и здоровья, спасение и эвакуация пациентов и сотрудников КГП на ПХВ «Атырауский областной онкологический диспансер» (далее – Диспансер) путем проведения аварийно-спасательных и неотложных работ:

- портативный дизельный генератор;

- лодка спасательная надувная;

- емкость для хранения питьевой воды;

- бутилированная вода питьевая;

- Сапоги-полукомбинезон;

- монтажная пена;

- обмоточная пленка;

- спасательный жилет;

- портативный фонарь;

- водонепроницаемый костюм;

- работа по замене и установки сцепления (сцепление входит в стоимость работы) для автомашины скорой медицинской помощи.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

АКИМ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**ШЕШІМ**

2024 жылғы 7 сәуір

Атырау қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 3

город Атырау

**Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзібасқарутуралы» Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабы, 1-тармағының 11) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы №240 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) белгіленген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасына, Атырау облысының Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің 2024 жылғы 6 сәуірдегі №5 хаттамасына сәйкес Атырау облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Атырау облысының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын және оған табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкмі** **С. Шәпкенов**

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ**

060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77
Тел: 8 (7122) 27-09-14
E-mail: oblzdrav_atyrau@mail.ru

**УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

060010, город Атырау, улица Айтеке би, 77
Тел: 8 (7122) 27-09-14
E-mail oblzdrav_atyrau@mail.ru

№ 06-01-07-05-18/1740
11.04.2024 ж.

**Барлық Медициналық ұйым басшыларына**

***ШҰҒЫЛ!***

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы, 2024 жылғы 10 сәуірдегі «Су тасқыны кезінде медициналық көмекті қамтамасыз етуді ұйымдастыру» бойынша штаб отырысының хаттамасын жолдайды.

Хаттамада және зум қосымшасы арқылы айқындалған тапсырмаларды уақытылы орындауға және ресми түрде жолдап отыру.

Тапсырмалар уақытылы орындалмаған жағдайда, медициналық ұйым басшыларына тиісті тәртіптік шара қолданылатынын ескеру сұралады.

***Ақпаратты Эл. пошта: kairatuly2011@yandex.kz жолдау!***

Қосымша: 2 - парақта.

**Басқарма басшысы** **Қ.Абдалиев**

*Орындаған: А.Қайратұлы*
*Тел. 8(7122) 27-09-32, 87015078442.*
***kairatuly2011@yandex.kz***

**Су тасқыны кезінде медициналық көмекті қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша штаб отырысының**
**ХАТТАМАСЫ**

*10 сәуір 2024 ж.*
*12:30 ч.*

*Атырау облысының*
*Денсаулық сақтау*
*басқармасы*

**Төраға:**
Абилова Алмагуль Исламовна – Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары;

**Қатысқандар:**
Денсаулық сақтау басқармасының мамандары;
Медициналық ұйым басшылары

**Күн тәртібі:**

Тасқын су кезіндегі дайындық мәселелерін пысықтау, ұсыныстар және сұрақ жауаптар.

**Қорытынды:**

**1.Барлық медициналық ұйым басшыларына:**

1.1. Жылыой ауданынан эвакуацияланған тұрғындар (оның ішінде жүкті әйелдер, балалар мен диспансерлік есепте тұрған) туралы ақпаратты жолдау. Тиісті жауапты мамандарды бекітіп, байланыс телефондарын жолдау.

**Мерзімі: үнемі, таңертең сағ. 9:00-ге дейін және кешкі 20:00-ге дейін;**

1.2. Су тасқынына байланысты эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу мақсатында әр түрлі вирустық инфекциялық аурулардан алдын алу іс-шараларын ұйымдастырып (вакцинациялау, санитариялық-эпидемиологиялық жағдай бойынша ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстары) және бақылауын күшейту.

**Мерзімі: әр аптаның дүйсенбі күні, аяқталу нысаны: басқармаға ресми түрде ақпарат жолдау;**

1.3. «СК Фармация» ЖШС арқылы АЛО және стационар деңгейде қажетті дәрі-дәрмектердің қорын қалыптастырсын.

**Мерзімі: 2024 жыл, 12 сәуір, аяқталу нысаны: басқармаға ресми түрде ақпарат жолдау.**

1.4. Төтенше жағдай орын алғанда жағдайда, алдын ала эвакуациялау іс-шараларын жасақтап, жауаптыларды тағайындап, тасымалдау техникаларын, дәрілік заттарды мен медициналық

бұйымдарды сақтау және тасымалдау кезінде қолданыстағы заңнамалар талаптарын қатаң сақтау.

1.5.Әр өңірден гуманитариялық көмекпен келіп жатқан дәрілік медициналық бұйымдары бойынша басқармаға хабарлау:

1.6.Төтенше жағдай жарияланған аймақтарда, эвакуациялық пунктерге тәулік бойы медициналық қызметкерлердің кезекшілігін жасақтап, медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

1.7.Қосымша резервті кереует қорын жасақтау.

1.8.Медициналық нысанға сәйкес, қосымша қажетті (жылжымалы) генераторларды алу мәселесін қарастырып басқармаға өтінімдерді жолдау.

1.9.Атырау қаласы «Жедел Жәрдем станциясының» **директоры А.Ерболовқа**: Атырау қаласында су тасқыны орын алған жағдайда, қосымша бригадаларды жасақтап, дайындығын пысықтау.

**Мерзімі: 12 сәуір, аяқталу нысаны: ресми түрде ақпарат жолдау.**

**2. Қызылқоға аудандық орталық ауруханасы, Жылыой аудандық орталық ауруханасының басшылары:**

2.1. Аудан деңгейінде болып жатқан штаб отырысының тапсырмалары бойынша ақпарат жолдау.

**3.** Хаттамалық тапсырманың орындалысы медициналық ұйым басшыларының қатаң бақылауына алынып, бұйрықпен бекітіліп, бұйрық көшірмесі басқармаға жолдансын.

**Мерзімі: 2024 жыл, 12 сәуір, аяқталу нысаны: ресми түрде ақпарат жолдау.**

**Басқарма басшысы** **Қ.Абдалиев**

# ХАТТАМА

10 сәуір 2024 ж.

«Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК

**Қатысқандар:**

Сапарова Э.К. – директор

Директордың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, эпидемиолог, бас мейірбике, шаруа меңгерушісі, Азаматтық қорғаныс және ТЖ маманы, заңгер, бас есепші.

**Күн тәртібі қаралған мәселе:** төтенше жағдай туындаған уақытта (су тасқыны) болған жағдайда Атырау облыстық онкология диспансерінде жүргізілетін іс-шаралар жоспары туралы.

АООД директоры Э.К. Сапарова сөз сөйлеп, қатысушылармен тасқын судың алдын алуға төмендегідей мәселелер талқылап, ұсыныстар берілді:

1. Диспансер бойынша штабтық комиссия құру.
2. Атырау облыстық онкология диспансерінде 2024 жылдың 12 сәуірден бастап төтенше жағдайдың күші жойылған кезге дейін диспансерге қаралатын "Д", "Z", скрининг және МӘМС-пен келген пациенттерді қабылдау тоқтатылуы туралы.
3. Емхана бөлімі әкімшіліктің кезекті бұйрығы шыққанға дейін кесте бойынша жұмысын жалғастыру.
4. Химиотерапия, радиология және хирургия бөлімшесіндегі науқастардың жағдайын бағалап барынша күндізгі стационарға ауыстыру.
5. Бөлімшедегі науқастардың емдері аяқталған жағдайда, жергілікті емханада емдерін жалғастыру үшін стационардан максималды түрде шығару.
6. Күн сайын күніне 2 рет стационарлық пациенттердің санын және ауыр дәрежелі пациенттердің мәліметтерін қысқаша түрде директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасарына ұсыну.
7. Паллиативтік бөлімшесіндегі науқастарды барынша емін бітірген жағдайда жергілікті емханада емін жалғастыруға толықтай ұсынымдарды беріп жіберу.
8. Төтенше жағдай (су тасқыны) қауіпі төнген жағдайда радиология және паллиативтік бөлімшесіндегі науқастарды диспансердің негізгі ғимаратқа (2,3 қабатына) эвакуациялау.
9. Хирургия және химиотерапия бөлімшесінің меңгерушілері эвакуацияланған науқастарды орналастыру үшін бөлімшеде бос орындармен қамтамасыз ету.
10. Әкімшілік бөлімі (әкімшілік) қызметкерлері негізгі корпустың (2 қабатқа) емхана бөлімшесіне эвакуациялау. Әкімшілік бөліміндегі барлық құрал жабдықтарды (2 қабатқа) емхана бөлімшесіне тасымалдау.
11. Дизель генераторды жанар жағармаймен қамтамасыз ету және айналасын су өткізбейтін материялмен бекіту. Дизель генератордың уақытында қосылуын қадағалау.
12. Сәулемен емдеу бөлмелерін су өткізбейтін материалдармен бекіту.
13. Көлік жүргізушілер бекітілген 24/7 тәуліктік кесте жасақталып жұмысқа тарту.
14. Электір жабдықтарын шұғыл сөндіріп, қосуын қамтамасыз ету.
15. Диспансерге қауіп төнген жағдайда кезекшілік дәрігер директорге, директор орынбасарына хабар беру.

Жиналысты қорытындылай келе жоғарыда көрсетілген іс-шара бойынша жауапты мамандар тағайындалды. Диспансерде су тасқынының алдын алуға іс-шара құрылды.

**Директор** **Э.К.Сапарова**

Хатшы: Ж.Жолдасова – ТЖ маманы